Келісілді:

Казақстан Республикасы Оку-ағарту министрлігінін Орта білім беру комитетінің

төрағасы отта К.Б. Жұмашев «15 » 09 2025 жыл



«XXI ғасыр көшбасшысы» зияткерлік сайысына 11-сынып оқушылары арасында іріктеу өткізу ережесі

- 1. Жалпы ережелер «XXI ғасыр көшбасшысы» интеллектуалды ойынына ұйымдастыру және өткізу туралы ереже интеллектуалды ойынға іріктеуді ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.
- «XXI ғасыр көшбасшысы» интеллектуалды ойынын «Хабар» телеарнасы ұйымдастырады және ол Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігімен келісілген.
 - 3. Іріктеудің мақсаты:
 - 1) оқушылардың оқу әрекетін ынталандыру;
- жоғары интеллектуалдық қабілеті бар, дайындығы жақсы әрі 2) дарынды оқушыларды іріктеу және қолдау;
- Қазақстан Республикасының интеллектуалдық 3) әлеуетін калыптастыруға жәрдемдесу.
- 4. Іріктеуге Қазақстан Республикасының барлық типтегі және меншік нысанындағы білім беру ұйымдарының 11(12) сынып оқушылары қатысады.
- 5. «XXI ғасыр көшбасшысы» интеллектуалды ойыны үш кезеңнен тұрады:
 - 1) аудандық/қалалық кезең – қазан айы
- 2) облыстық кезең – кестеге сәйкес (осы ереженің 1 Қосымшасында көрсетілген);
- 3) қорытынды (республикалық) кезең 2026 жылдың акпан –наурыз айларында.
- Аудандық/қалалық және облыстық кезеңдерге тапсырмаларды аймақтық «Дарын» орталықтары, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының «Дарын» орталықтары дайындайды.

Аудандық кезеңнің тапсырмалары 30 сұрақтан, ал облыстық кезеңнің тапсырмалары 60 сұрақтан тұрады.

7. Республикалық (қорытынды) кезеңге арналған тапсырмаларды «Хабар» Агенттігі және Агенттікпен кезеңді өткізуге тартылған өзге ұйымдар мен жеке тұлғалар әзірлейді.

П. Іріктеуді ұйымдастыру

aduary - Aut Maxeyes

- 8. Әрбір облыста интеллектуалды ойынның аудандық/қалалық және облыстық кезеңдерін үйлестіру және өткізуге жауапты Облыстық ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі Іріктеу комитеті) құрылады.
- 9. Облыстық комитет әрбір аудан деңгейінде іріктеу кезеңін өткізуге жауапты тұлғаны тағайындайды әрі ол осы ереженің талаптарын орындауға жауапты болады.

III. Аудандық/қалалық іріктеу кезеңі

- 10. Аудандық/қалалық іріктеу кезеңі Қазақстан Республикасының тиісті ауданында/қаласында орналасқан білім беру ұйымдарының 11(12) сынып оқушылары арасында өткізіледі. Аудандық/қалалық іріктеу кезеңі ағымдағы жылдың қазан айының соңына дейін өткізіледі.
- 11. Аудандық/қалалық іріктеу кезеңіне 11(12) сыныптан кемінде 25 оқушы және жалпы саны 100-ден аспайтын оқушы қатыса алады.
- 12. 1) Аудандық/қалалық кезең тестілеуден тұрады, ол Астана, Алматы және Шымкент қалаларының «Дарын» өңірлік орталықтары, Назарбаев Зияткерлік мектептері (бұдан әрі НЗМ), республикалық физика-математика мектептері (бұдан әрі РФММ), мамандандырылған білім беру ұйымдары (бұдан әрі МББҰ) әзірлеген тапсырмаларды орындау арқылы жазбаша жұмыс түрінде өткізіледі.

Тестілеу уақыты – 45 минут.

- 2) Аудандық/қалалық кезеңді өткізу барысында НЗМ, РФММ және МББҰ облыстық кезеңге қатысу үшін жеке іріктеу жүргізеді.
- 13. Тапсырмалар әртүрлі пәндер бойынша, жалпы білімге, логикаға, сондай-ақ түрлі салалардағы интеллектуалдық қабілеттерге, музыка, өнер және спорт бойынша тест сұрақтарын қамтиды.
- 14. Аудандық/қалалық кезеңнің нәтижелері бойынша қатысушылардың рейтингі жасалады. Іріктеу нәтижелері бойынша әр ауданнан облыстық кезеңге жіберілетін қатысушылар саны 10-нан, ал НЗМ, РФММ және МББҰ-дан жіберілетін қатысушылар саны 3-тен аспауға тиіс.
- 15. Аудандық/қалалық кезеңнің нәтижелері Іріктеу комитетінің төрағасы бекітетін хаттамамен рәсімделеді.

IV. Облыстық іріктеу кезеңі

- 16. Облыстық іріктеу кезеңі осы ереженің 1-ші қосымшасында көрсетілген күндерге сәйкес, аудандық/қалалық кезеңнен өткен 11(12) сынып оқушылары арасында өткізіледі.
- 17. Облыстық кезең тестілеу түрінде офлайн өтеді. Ол аудандық кезеңге ұқсас, бірақ күрделілігі жоғары тапсырмаларды қамтиды. Тестілеу уақыты 75 минут.

educif - Maxeyest

Adol

- 18. Қажет болған жағдайда бірдей балл жинаған қатысушылармен тестілеу нәтижесі бойынша қосымша әңгімелесу жүргізілуі мүмкін.
- 19. Облыстық кезеңнің қорытындысы бойынша «ХХІ ғасыр көшбасшысы» интеллектуалды ойынының республикалық (қорытынды) кезеңіне әр облыстан 5 қатысушыдан іріктеледі. Соның ішінде республикалық маңызы бар қалалардан, яғни Астана, Алматы, Шымкенттен 7-8 қатысушыдан іріктеп алынады.
- 20. Облыстық кезеңнің нәтижелері Іріктеу комитетінің төрағасы бекітетін хаттамамен рәсімделеді.
- 21. Облыстық кезеңді «Хабар» телеарнасы осы ереженің (1-ші қосымшасында көрсетілген) кестеге сәйкес түсіреді.

V. Қорытынды (республикалық) кезең

- 22. Республикалық (қорытынды) кезең облыстық кезеңнен өткен 11(12) сынып оқушылары арасында өтеді. Республикалық кезеңге өтетін қатысушылардың тізімі жасалған соң, оларға ойынның қорытынды кезеңіне қатысуға рұқсат беріледі.
- 23. Республикалық (қорытынды) кезеңді республикалық «Хабар» телеарнасы Алматы қаласында ұйымдастырады.
- 24. Республикалық (қорытынды) кезең кемінде 16 (он алты) теледидарлық бағдарлама шығарылымынан тұрады. Нақты эфирге шығатын бағдарламалардың санына байланысты шешімді тек «Хабар» Агенттігі ғана қабылдайды. Оған республикалық (қорытынды) кезеңнің Финалдық шығарылымы да кіреді.
- 25. Республикалық (қорытынды) кезеңнің нәтижелері «Хабар» Агенттігі тағайындаған өкіл бекітетін хаттамаға сәйкес рәсімделеді.

VI. Іріктеудің ашықтығын және әділдігін қамтамасыз ету

- 26. Іріктеу комитеті барлық кезеңдердің ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз етеді.
- 27. «XXI ғасыр көшбасшысы» интеллектуалды ойынының ережелерінің сақталуын бақылау үшін тәуелсіз бақылаушылар тартылуы мүмкін.
- 28. Интеллектуалды ойынның кезеңдерінің нәтижелері бойынша апелляция қарастырылмаған.

VII. Қорытындылау және марапаттау

eduar - reaxeyed

Anej

- 29. Аудандық/қалалық кезеңнің қатысушыларына аудандық/қалалық білім бөлімдерінің атынан қатысушы сертификаттары табысталады.
- 30. Облыстық кезеңнің қатысушыларына өңірлік «Дарын» орталықтары атынан қатысушы сертификаттары табысталады. Облыстық кезеңнің женімпаздары облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларының дипломдарымен марапатталады.
- 31. Республикалық (қорытынды) кезеңнің жеңімпаздары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің І, ІІ, ІІІ дәрежелі дипломдарымен және «Хабар» Агенттігінің құнды сыйлықтарымен марапатталады.
- 32. Облыстық және республикалық (қорытынды) кезеңдердің нәтижелері «Хабар» телеарнасының ресми аккаунттарында жарияланады және «Хабар» телеарнасының «Оян» таңғы бағдарламасында сюжет түрінде көрсетіледі.

VIII. Қорытынды ережелер

- 33. Осы ереже «Хабар» Агенттігі және оның серіктестері тарапынан бекітілген сәттен бастап күшіне енеді және іріктеу кезеңдерінің барлығы аяқталғанға дейін қолданылады.
- 34. Осы ережеге өзгертулер мен толықтырулар тек «Хабар» Агенттігінің шешімімен және келесі іріктеу кезеңі басталғанға дейін екі аптадан кешіктірілмей енгізілуі мүмкін.
- 35. Осы ережемен реттелмеген мәселелер қолданыстағы заңнамаға сәйкес шешіледі.

among nearcycy

Adf

11-сынып оқушыларына арналған «XXI ғасыр көшбасшысы» интеллектуалды ойынының ережесіне 1-қосымша

Күні	Қаласы
2 қараша	Астана
3 қараша	Павлодар
9 қараша	Павлодар Қарағанды Көкшетау Семей Өскемен Тараз Шымкент Орал Жезқазган
10 қараша	Көкшетау
17 қараша	Семей
24 қараша	Өскемен
1 желтоқсан	Тараз
7 желтоқсан	Шымкент
8 желтоқсан	Орал (О) ТИТ
15 желтоқсан	Жезқазган
22 желтоқсан	Атырау
28 желтоқсан	Туркістан
29 желтоқсан	Қызылорда
12 қаңтар 2026	Ақтау
19 қаңтар 2026	Ақтөбе
26 кантар 2026	Талдықорған
2 ақпан 2026	Қонаев
5 ақпан 2026	Қостанай
7 ақпан 2026	Петропавл
9 ақпан 2026	Алматы

stear- recept

may